



plans.label.author: Каирова Мереке Шайховна
plans.label.category: Қазақ тілі
plans.label.class: 5-сынып
plans.label.section: Қазақстандағы ұлттар достығы
plans.label.theme: Калқаман Сарин «Тәуелсіздік»

| | |
|--|---|
| Цели обучения (ссылка на учебную программу): | T2. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау; A5. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу Ж4. Мәліметтер жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау. |
| Цели урока: | - Барлық оқушылар орындай алады: Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты дұрыс-бұрыстығын анықтай алады. - Көпшілігі орындай алады: Берілген сұрақты дұрыс түсініп, шағын диалогке қатысады - Кейбір оқушылар орындай алады: Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер арқылы қорғайды. |
| Языковые цели: | Постер жасауға арналған тірек сөздер: Тәуелсіздік, кең -байтақ, ұлт өкілдері, тату, ел, табиғат, астана (бұл сөздермен постер жасайды) Бір құты құрастыруға арналған сөз тіркестері: Менің Қазақстаным, Менің Отаным |
| Ожидаемый результат: | Мәтінге сай негізгі ақпаратты анықтайды. - Табылған ақпаратты өз сөзімен жеткізеді - Шағын диалогке қатысу арқылы сұрақты түсінгендігін көрсетеді. - Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер қорғай алады. |
| Критерии успеха: | Мәтінге сай негізгі ақпаратты анықтайды. - Табылған ақпаратты өз сөзімен жеткізеді - Шағын диалогке қатысу арқылы сұрақты түсінгендігін көрсетеді. - Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер қорғай алады. |
| Привитие ценностей: | Балалардың қазақстандық отаншылдықты нығайту, азаматтық қасиеттерін қалыптастыру, патриотизмге, отансүйгішке тәрбиелеу мақсатында мен Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана құнылығына сүйендім. |
| Навыки использования ИКТ: | "Қазақстан" тақырыбына бейнетаспа, слайд, презентациялар |
| Межпредметная связь: | Тарих |
| Предыдущие знания: | «Менің Отаным» |

plans.stages

| plans.schedule.s tages | plans.schedule.activity | plans.schedule.resources |
|------------------------|-------------------------|--------------------------|
|------------------------|-------------------------|--------------------------|

| | | |
|----------------------------------|--|---|
| <p>Начало урока (15 мин)</p> | <p>Психологиялық ахуал Балаларды шеңберге тұрғызамын, балалар «Жылжымалы микрофон» арқылы бір-біріне жақсы тілектер айтады. Сабақтың тақырыбын ашу мақсатында «Кофе араластырғыш таяқшылар» тәсілі арқылы әр топтан оқушы шығып, таяқшыларда жазылған сұрақтарға жауап беріп отырады. - Қойылатын сұрақтар: 1.Сенің Отаның қай ел? 2. Сенің Отаның қандай? 3.Қазақстан қандай мемлекет? 4.Қазақстанның ас танасы қай қала? 5.Қазақстанның Президенті кім? 6.Қазақстанның мемлекеттік тілі қай тіл? Оқушыларды 1 (Бір, один, one), 2 (екі, два, two) сандарын үш тілде айтқызу арқылы екі топқа бөлемін. Хикая картасы арқылы Қалқаман Сарин өмірбаянына шолу жасаймын. Сарин Қалқаман Айымғазұлы -1978 жылдың қаңтарында қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Арқат ауылында дүниеге келген. 1994 жылы орта мектепті, 1998 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің тарих факультетін бітірген. 2001 – 2003 жылдар аспирантураны аяқтаған. Еңбек жолын ұстаздықпен бастайды. 1998 жылдан 2008 жылға дейін Қазақ Ұлттық Музыка Академиясында оқытушы болады. Топтық жұмыс. 1-тапсырма. Өлеңді мұқият тыңдаңдар. Өлеңдегі негізгі ақпаратқа қатысты дұрыс-бұрыстығын анықтаңдар. Тәуелсіздік Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім. Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң! Кеше сенің келбетіңді арман ғып, Боданына бұғауландық басқа елдің. Бабабалардың басын тігіп бәйгеге, Аналардың жанарына жас бердің! Уа, Еркіндік, қош келдің! ӨЖ 1 топ: (бір, один, one) Ақпараттар Дұрыс Бұрыс Бостандығым - Қастерлім. + Мен барда өзегімде жоқ шер мұң! - Кеше сенің келбетіңді арман ғып, + Бабабалардың басын тігіп бәйгеге, + Аталардың жанарына жас бердің! - Уа, Еркіндік, қош келдің! + 2 -топ: (екі, два, two) Ақпараттар Дұрыс Бұрыс Еркіндігім + Қастерлім. + - Өзің барда өзегімде бар шер мұң! - Кеше сенің келбетіңді арман ғып, + Бабабалардың басын тігіп бәйгеге, + Аналардың келбетіне жас бердің! - Уа, Еркіндік, қош келдің! + Дескриптор: • Оқушылар өлеңнің мағынасын түсінеді. • Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты дұрыс-бұрыстығын анықтайды. Бас бармақ әдісі арқылы бағалау ЖЖ 2- тапсырма. Берілген сұрақтарға дұрыс жауап беріп, шағын диалог құрастыр. - Қалқамин Сарин қашан дүниеге келген? - _____ - Ол қай жылы мектепті бітірді? - _____ - Ақынның өлеңі қалай аталады? - _____ - Өлең не туралы? - _____ Дескриптор: - Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. - Сұрақтар бойынша шағын диалог құрастырады. Диалог құрастыру арқылы балалардың ауызекі сөйлеу тілі дамиды. Бағдаршам әдісі арқылы бағалау «Жұмыр қылыш»</p> | <p>«Жылжымалы микрофон» Кофе араластырғыш таяқшалар» әдісі</p> <p>Қалқаман Сарин ақынның суреттері, слайдтар</p> <p>Бейнежазба</p> <p>Ақпараттарды анықтайтын «Дұрыс», «Бұрыс» кестелері</p> <p>Интербелсенді тақта арқылы сергіту сәті қойылады.</p> |
|----------------------------------|--|---|

| | | |
|------------------------------------|---|--|
| <p>Середина урока (16 мин)</p> | <p>ТЖ. 3-тапсырма. Берілген сөз тіркестері бойынша өз ойларыңды жазып, әңгімелеңдер. 1-топ: (бір, один, one) Менің Қазақстаным 2-топ: (екі, два, two) Менің Отаным Дескриптор: - Оқушылар берілген сөз тіркесі бойынша өз ойларын жазып шығады. - «Графикалық органайзер» әдісі арқылы өз ойларын әңгімелейді. Графикалық органайзер әдісінің тиімділігі: балалар өз ойларын айтады, еркін сөйлеуге үйренеді. Шапалақ әдісі арқылы бағалау 4 -тапсырма. Мәліметтер жинақтай отырып, берілген тірек сөздер бойынша постер жасандар. Тәуелсіздік, байтақ, ұлт өкілдері, тату, ел, табиғат, астана (бұл сөздермен постер жасайды) ӨЖ. ЖЖ. ТЖ. «Ойлан, жұптас, бөліс» стратегиясы 1-топ (бір, один, one) 5.5.1 әдісі Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемдерін 5 сөзге қысқартады. Соңында олар 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің түйінді сөзін бүкіл сыныппен бөліседі. 2-топ (екі, два, two) Қарым-қатынас аймағы Түйінді бір сөзді шеңбердің ортасына жазады, екінші шеңберге осы түйінді сөздің орташа маңыздысын жазады, үшінші шеңберге маңызды емес сөзді жазып қояды. Сол түйінді сөзден постер жасап қорғайды. Дескриптор: - Берілген тірек сөздерді қолдана отырып тақырып бойынша постер жасайды - Жасаған постерін қорғап шығады. Осы әдістерді оқу мақсаттарын ашу үшін таңдап алдым. Осы стратегиялар арқылы балалардың сөздік қоры молаяды және өз ойын жеткізе алады. Саралау әдісі – әрбір оқушыға мақсатқа жетуге ықпал жасайды.</p> | <p>Флипчарт, тірек сөздер, түрі-түсті фломастерлер, стикерлер.</p> |
| <p>Конец урока (7 мин)</p> | <p>Жаңа сабақтан алған білімдерін балаларға «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы парақшалар таратамын, балалар өз ойларымен сөйлемдерді толықтырып жазады. Парақша қағаздарын жинап алып тексеремін. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі. • Мен бүгін . . . білдім. • Маған . . . қызықты болды. • Маған . . . қиын болды. • Мен келесі тапсырмаларды . . . орындадым. • Мен енді . . . жасай аламын. • Мен . . . үйрендім. • Мен . . . жасай алдым.</p> | <p>Өзін-өзі бағалауға арналған парақ</p> |
| <p>Рефлексия (2 мин)</p> | <p>Оқушылар берілген парақтардан өз деңгейлерін анықтайды. -Ағаштың қай бұтағындасың? - Суретті бояу арқылы өзіңе баға бер. Жоспарымды жаңартылған бағдарлама бойынша жасалған үш құжатқа сүйеніп жасадым. (Бағдарлама, жоспар, қалыптастырушы бағалау). Алдыма қойған оқу мақсатымды жүзеге асыра алдым. Оқу мақсатымнан алынған төрт бағалау критерийлеріне негізделді. Оқушылар төрт тапсырма орындады.</p> | <p>Рефлексияға арналған қима қағаз</p> |